

## Өскемен қаласы бойынша 2022 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 21/2-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 мамырда № 27896 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда – болу құнының 0 (нөл) пайызы болып бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қалалық  
мәслихатының хатшысы

А. Светаш